


Silk Way Халықаралық
Университеті

Тақырып: Қазіргі білім берудің жаңа үрдісі: білім беру стандарты, қашықтықтан оқыту, инклюзивті білім беру, бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу

Қабылдаған: Ешенқұлова Э
Орындаған: Кәрім Сабина
Тобы: 105-71



Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

ҚР “Білім заңына” сәйкес елімізде білім стандарттары қабылданған.

“Стандарт” түсінігі латын сөзі негізінде қабылданып, “үлгі”, “өлшем” деген мағынаны аңдатады. Білім стандарты мән-мағыналық тұрғыдан сауат, білімділіктің мемлекеттік өлшемі ретінде қабылданып, қоғамдық мұратқа орайластырылған, әрі нақты тұлға мен білім жүйесінің мүмкіндіктерін ескерген сол мұратқа жету негізгі белгі - талаптар (параметры) жиынтығын қамтиды.

Білім саласындағы стандарттаудың негізгі нысандары – стандарт құрылымы, оқу жүктемелерінің мазмұны, көлемі және оқушыны дайындау деңгейі. Стандарт бойынша белгіленген деңгей, дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалау мен білімдену процесінің негізгі қырларын сараптауда мызғымас шек (эталон) сипатында қабылданады.



Стандарттау сонымен бірге білім саласындағы көптеген жаңашыл қадамдарға байланысты қажет болып отыр. Атап көрсететін болсақ, олар:

- 1) мектеп оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі;
- 2) көптеген мектептердің құқықтық дәрежесінің өзгеруі;
- 3) тың оқу жоспарларының енгізілуі;
- 4) мектептердің оқу пәндері мен олардың игерілу көлемін өз қалауымен таңдауы;
- 5) баламалы оқулықтардың қосылуы;
- 6) оқудың жаңа технологияларының жасалуы; көп деңгейлі және жіктемелі оқуға өту.

Жалпы білім беруші мекемелердің білім стандарты үш бөліктен құралады: мемлекеттік, ұлттық – аймақтық және мектептік.

Стандарттың мемлекеттік бөлігі (инвариант) елдегі білім кеңістігінің біртұтастығы мен тұлғаның әлемдік мәдениет жүйесіне енуін қамтамасыз етеді.

Ұлттық – аймақтық елдің жер-жерлеріндегі ерекшелік, талаптарына (ана тілі мен әдебиетіне, жағрафиясына, мәдениет пен өнеріне, еңбек, өндіріс дайындығына және т.б.) байланысты анықталады.

Мектептік білім мазмұны нақты оқу орнының анайылығы мен бағыт – бағдарына орай оқу пәндерінің енгізілуімен белгіленеді.

Стандарттың мемлекеттік бөлігі – бұлжымас, қайта қарастырылуы өте сирек, ұлттық аймақтық және мектептік бөліктер- баламалы, оның құрамды бірліктері жүйелі жаңаланып барады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар

оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір

тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз

мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті


әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек (немесе

қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады


Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады: өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған; перспективалы – оқуда болуы мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған. Екі бағыт та педагогикалық үдеріске қолдау қызметінің барлық мамандарының бірлескен күш-жігерінің арқасында іске асырылуы мүмкін.

Олардың қызметінде өзара байланысты және оларды ескеру қажет міндетті үш компонент бар:

- бала дамуының диагностикасы (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);
- түзету-дамыту бағыттылығының жеке және топтық сабақтарының бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру ортасын баланы оқыту мен дамыту және бағалау жүйесі арқылы оның даму деңгейін бағалауға қоятын талаптары көзқарасы тұрғысынан талдау




Инклюзивті білім беру құқығын тану барлық педагогтар,
оқушылар мен
олардың ата-аналары ерекше білім беруге қажеттілігі
бар оқушылардың жалпы
білім беретін мектептерде оқуға құқығы бар екенін
түсінулеріне және ол үшін
қосымша ресурстар қажет екеніне негізделген.
Инклюзивті білім беру
жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
оқушылардың оқу
жетістіктерін критериалдық бағалау жеке бағытталған
жүйе бола тұра, осы
санаттағы оқушыларды дамытуға және олардың құқтарын
жүзеге асыруға
ықпал етеді.




Қашықтықтан оқыту - ол оқу процессі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлер қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі.

Соңғы он-он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады.




Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғызудан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.



Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:
бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік
(республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына
енуі;
құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау.

Қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және
мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде
айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл
жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып
келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар
балаларының білім үлгірімін, ал оқушылар үй жұмысын
уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата –
аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын
нығаюына үлкен септігін береді.



Оқу процесін сапалы ұйымдастырудың келесі түрі - «E-learning». E-Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді. Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып отыр. Әлемдік деңгейдегі ірі белердің көрсеткіштері бойынша e-learning жүйесі білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды.

Қорытынды.

Тәрбиелі жас ұрпақтың білімді, білікті болуы отбасы мен балалардың үздіксіз бірлескен еңбегінің нәтижесі. Біздің ең биік мақсатымыз әр отбасындағы ұрпақтың дені сау, рухани бай, білімге, еңбекке, құштар болып өсуі. Ата-аналармен балалардың бүгінгі жасаған қадамы, ертеңгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер беретінін ұғындыру.

Еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде баршамыз үздіксіз ізденіп, тыңғылықты еңбек етуіміз керек. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. «Жас ұрпақ – келешек қожасы» - деп В.Г. Белинский айытқандай, болашағымыз бен келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

A decorative banner with a red and gold twisted ribbon design. The banner is arched and features the text "НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ" in white, serif, uppercase letters. The background is a light beige textured surface with vertical lines.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАҚМЕТ